

**«Тұмар» Бірінші Ұлттық Телевизиялық Бәйгесін
ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. БӘЙГЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ:

- Отандық телевизиядағы ең сапалы және өзекті өнімді анықтау;
- Отандық телевизиялық өндірістің имиджін қалыптастыру;
- Телеөндірістегі талантты кәсіби мамандарды қолдау;
- Отандық телевизиялық өндіріс стандарттарын жақсартуға ұмтылуға ынталандыру;
- Қазақстандық сапалы телевидениені дамыту;

2. БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Бәйгеге 2016 жылы эфирде көрсетілген айрықша тележобалар қатыстырылады. Телевизиялық өнім жасайтын ұлттық және аймақтық телекомпаниялар, студиялар, продюсерлік орталықтар және басқа да медиаөндіріс ұйымдары үміткер ретінде өтініш жолдайды.

Үміткер өзі ұсынған материалдың құқықтық міндеттерін толықтай мойнына алады. Үміткер туралы ақпарат өтініш толтыру кезіндегі орфография және пунктуациясымен жарияланады.

3. БӘЙГЕНІҢ АТАЛЫМДАРЫ

Бәйге төмендегі аталымдар бойынша іріктелген үміткерлер арасында сарапқа салынады:

1. Үздік деректі кино
2. Үздік әлеуметтік жоба
3. Үздік ақпараттық бағдарлама
4. Үздік ақпараттық-сараптамалық бағдарлама
5. Үздік музыкалық бағдарлама
6. Үздік ток-шоу
7. Үздік телевизиялық сериал
8. Үздік әзіл-сықақ бағдарламасы
9. Телевизиялық маусымның үздік жобасы
10. Телевидениенің дамуына үлес қосқаны үшін

Аймақтық аталымдар

11. Үздік аймақтық ақпараттық бағдарлама
12. Үздік аймақтық әлеуметтік бағдарлама

4. ЖОБАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- Кәсіби қазылар алқасын құру
- Үміткерлер тізімін құру
- Салтанатты марапаттау рәсімі

5. ҚАЗЫЛАР

Қазылар үміткерлерді сараптау және бағалау қызметін атқарады. Жеңімпаздар жасырын дауыс беру арқылы анықталады. Қазылар құрамында отандық телевидениенің дамуына айрықша үлес қосқан ең жоғары кәсіби мамандар болады: продюсерлер, режиссерлер, журналистер және редакторлар.

6. ҮМІТКЕР ӨТІНІШІ

Қазылар алқасына ұсынылады:

1. Жобаның немесе қатысушының анкетасы
2. Бейнематериал – бір толық эпизод (эфирлік нұсқасы)
3. Эфир анықтамасы

Үміткер өтініш бере отырып, бағдарламаның барлық құқықтық құжаттарының иелігіне, ол құқықтардың тұтқында, кепілде тұрмағанына, осы жобаға қатысты үшінші тұлғаның құқығына қол сұқпайтындығына кепілдік береді.

Өнімін ұсынған үміткер бәйге ұйымдастырушыларына материалды бәйгенің шартына сәйкес кез келген мақсатта қолдануға, оның ішінде: сақтауға; қажетті көшірмелерін жасауға; бөлшектеп немесе тұтастай пайдалануға; эфирде, кабель арқылы, спутниктік желі, интернет желісінде жариялауға рұқсат етеді.

Жұмыстар эфирлік сапада қабылданады. Жарнама, тайм-кодтар болмауы қадағаланады. Сериалдар мен циклды бағдарламалардың бір толық эпизоды (сериясы) ұсынылады. Үзінділерден жинақталған жұмыс қабылданбайды.

ҚАТЫСТЫРЫЛМАЙДЫ:

- заң бойынша шектеу қойылған элементтері бар аудиовизуалдық өнім қабылданбайды (балағат лексика, адамның жеке басына тиісетін, саяси, діни, ұлтаралық араздыққа әкелетін сөздер мен іс-әрекеттер және т.б.);
- жолданған материалдар рецензияланбайды және кейін қайтарылмайды;

7. БЕЙНЕМАТЕРИАЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

- 1) Файл көлемі: 25 ГБ-қа дейін
- 2) Форматы: mp4
- 3) Бейнекодек: H264 (MainConcept),
- 4) bitrate: 3 600 –ден 10 000 kbps – ге дейін
- 5) Өлшемі: 1280×720 немесе 1920 x 1080
- 6) framerate: 25fps
- 7) keyframe: әрбір 25-інші
- 8) Аудиокодек: MPEG 2 AAC-LC
- 9) Stereobitrate: 128 kbps – тен кем емес
- 10) Толқыны: 44100 KHz
- 11) Жолдау арналары: файлалмасу немесе кез келген электронды тасымалдау желілері

8. ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖОБА САУАЛНАМАСЫ

1. Аталым
2. Жоба атауы
3. Телеарна
4. Формат (жанр)
5. Хронометраж
6. Эпизод саны
7. Эфирге алғаш шыққан күні
8. Эфирге шығу уақыты
9. Қысқаша сипаттама
10. Жобаның ерекшелігіне сипаттама
11. Марапаттары
12. Жобаның эпизодтарына сілтеме (Youtube жеке арнасы)
13. Байланыс телефоны (аты-жөні, телефон, e-mail)

9. ЖЕКЕ АТАЛЫМДАРҒА САУАЛНАМА

1. Аталым
2. Аты-жөні
3. Білімі
4. Жұмыс өтілі
5. Марапаттары
6. Эфирде жүріп жатқан жобалары
7. Айрықша кәсіби қасиеттері
8. Жобаның эпизодтарына сілтеме (Youtube жеке арнасы)
9. Байланыс телефоны (аты-жөні, телефон, e-mail)

10. ІРІКТЕУ ТАЛАПТАРЫ

Үміткерлерді бағалауда назар аударылуы тиіс:

- Аталым форматына сәйкес болуы
- Телеөндіріске сапалы өнім қосуға ұмтылыс
- Өндірістің әр кезеңіндегі кәсібилік
- Қоғамдық пікір
- Көркемдік құндылық

11. МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі «Қазмедиа орталығы» ғимаратында жоғары сапа стандартына сәйкес салтанатты жағдайда өтеді. Әр аталымның жеңімпазына «Бәйге жеңімпазы» деген атақ пен «Тұмар» статуеткасы беріледі.